

**«Жиын және оның элементін белгілеу.  $\in$  және  $\notin$  таңбалары» бөлімі бойынша жиынтық бағалау**

**Бөлімше**

4.4 Заттардың комбинациялары  
5.2 Математикалық тіл

**Оқу мақсаты**

2.4.4.1 Қоршаған ортадағы заттардан «үш-үштен» комбинациялар жиынын құрастыру  
2.5.2.2 Жиынды белгілеу үшін латын алфавитінің бас әріптерін, жиын элементтерін белгілеу үшін латын алфавитінің кіші әріптерін, жиынға тиістілігін және тиісті еместігін белгілеу үшін  $\in$ , және  $\notin$  таңбаларын қолдану

**Бағалау критерийі**

*Білім алушы*

- Кез келген жиынның үш элементін қолданып комбинациялар құрастырады.
- Берілген элементтер бойынша жиын құрастырады және белгілейді.
- Элементтердің жиынға тиісті немесе тиісті еместігін анықтайды.

**Ойлау дағдыларының деңгейі**

Қолдану  
Жоғары деңгей дағдылары

**Орындау уақыты**

20 минут

**Тапсырма**

1. Қоян (Қ), жолбарыс (Ж) және түлкі (Т) бір қатарға тұрмақшы болды. Оларды орналастыру тәсілдерін үлгі бойынша жаз.



**Қ**



**Ж**



**Т**

1. **Қ – Ж – Т**

---

---

---

---

---

---

---

---

2. Берілген сандарды екі жиынға бөл және жиындарды латын әріптерімен белгіле.

33                      66                      400  
                                 44                      600  
99                      700                      100

3. а) «Мәшинелар» және «Жасыл түсті заттар» жиындарының қиылысуына тиісті затты қорша.

б) Бұл жиындардың екеуіне де тиісті емес затты сызып таста.



Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Кез келген жиынның үш элементін қолданып комбинациялар құрастырады	1	заттарды комбинациялау тәсілдерін анықтайды:	
		- бірінші тәсіл;	1
		- екінші тәсіл;	1
		- үшінші тәсіл;	1
		- төртінші тәсіл;	1
- бесінші тәсіл;	1		
Берілген элементтер бойынша жиын құрастырады және белгілейді	2	элементтерді екі жиынға біріктіреді;	2
		жиындарды латынның бас әріптерімен белгілейді;	1
Элементтердің жиынға тиісті немесе тиісті емесігін анықтайды	3	жиындардың қиылысуына тиісті затты анықтайды;	1
		екі жиынға да тиісті емес затты көрсетеді.	1
<b>Барлығы</b>			<b>10</b>

**«Жиын және оның элементін белгілеу. ∈ және ∉ таңбалары» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні \_\_\_\_\_

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Кез келген жиынның үш элементін қолданып комбинациялар құрастырады	1	Берілген заттардан «үш-үштен» комбинация құрастыруда қиналады. <input type="checkbox"/>	Кез келген жиын элементтерінен «үш-үштен» комбинация құрастыруда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Берілген заттардан «үш-үштен» комбинация құрастырады. <input type="checkbox"/>
Берілген элементтер бойынша жиын құрастырады және белгілейді	2	Ортақ белгілері бойынша жиын құрастыруда және жиындарды әріптермен белгілеуде қиналады. <input type="checkbox"/>	Жиын элементтерін ортақ белгілері бойынша біріктіруде / жиындарды белгілеуде қателеседі. <input type="checkbox"/>	Ортақ белгілері бойынша жиын құрастырады және жиындарды дұрыс белгілейді. <input type="checkbox"/>
Элементтердің жиынға тиісті немесе тиісті еместігін анықтайды	3	Элементтердің жиынға тиістілігін анықтауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Элементтердің жиынға тиістілігін/ тиісті еместігін анықтауда қателеседі. <input type="checkbox"/>	Жиынға тиісті және тиісті емес элементтерді дұрыс анықтайды. <input type="checkbox"/>

